

ЖАНҚОЖА БАТЫРДЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Джумалиева Л.Т.

В этой статье описывается о Жанкоже – батыре, который многие годы не мог найти свое место в истории. Всю свою жизнь он посвятил только борьбе за свободу своего народа, выгнал из земли Сырдарии Хиуа и Кокан ханов, он был знаком «будущего». Имя Жанкожа живет в сердце народа. В статье описывается об личных качествах этого человека, любви к народу, верности. Героизм Жанкожи помогает воспитывать патриотизм.

This article describes about Zhankozhe - batir, who for years could not find his place in history. Throughout his life he devoted only a struggle for the freedom of his people, drove out of the land of the Syr Darya and Hiua Kokan Khans, he was familiar with "the future". Name Zhankozha lives in the heart of the people. The article describes about the personal qualities of this man, love for the people, fidelity. Heroism Zhankozhi helps foster patriotism.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1780-1860) Арал өңіріндегі қазақтардың Хиуа және Ресей отаршылдығына қарсы азаматтық күресін басқарды. Жанқожа Нұрмұхамедұлы өзінің бүкіл өмірін Арал өңірі қазақтарының тәуелсіздігіне арнаған аса ірі тарихи тұлға. Ол ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде Хиуаның зұлымдығына қарсы күрескен Арынғазы Әбілғазиевтің істерін ілгері жалғастырды. 1836 жылы Жанқожа өз жауынгерлерімен бірге Әмудария мен Сырдария арасында Хиуаның тұрақты әскерлеріне қарсы күрес бастады. 1842 жылдың күзінде оның әскері Хиуаның ірі бекінісі Бесқаланы қиратып, қала коменданты Бабажанды, оның баласы Майқараны тұтқынға алды. Қазақтарға қатыгездік көрсеткені үшін Бабажан қазыққа отырғызылды. Ал оның баласы жас болғандықтан босатылып жіберілді [1].

1843 жылы Жанқожаның жасағы Қуандариядағы Хиуа бекінісін қиратты. Ал 1845 жылдың көктемінде Хиуа ханы Сырдарияның төменгі ағысындағы қиратылған бекіністерді қалпына келтіру үшін жіберілген саны 2 000 адамға жететін Хиуа әскерін тас талқан етіп қиратты. Бұл туралы Жанқожа Орынбор бекінісінің бастығына : Хиуалықтар біздің жерімізге бекініс салды, бірақ оны қираттық, ал қақтығыс кезінде көптеген хиуалықтарды өлтіріп, Хиуаға қуып жібердік - деп хабарлады. Кенесары Қасымовпен бірге Жанқожа Сырдарияның төменгі ағыстарында орналасқан қоқандықтардың әскери бекіністері, Жаңақорғанға, Күмісқорғанға, Шымқорғанға, Қосқарғанға шабуыл жасады. 1845 жылы Кенесарының өтініші бойынша Жанқожа қоқандықтардың Созақ бекінісін алуға қатысты. 1846 жылы хиуалықтардың Жанқожа тойтарыс бере алмаған

шабуылдарының бірінен кейін ол шекаралық орыс өкімет орындарына: Енді біз Ырғызға барамыз, өйткені біздің жүрегімізде сіздермен достық байланысқа ешқандай қара ниет жоқ -деп жазды. Одан кейін ол хиуалықтарға жорыққа әзірленетін, өйткені олардан үнемі қысым көріп, отырғанын хабарлады. Бұл орайда батыр хиуаға қарсы күресте өзінің көмек көрсетуін сұраған. 1847 жылы Жанқожа саны көп жасағымен хиуаның Қожанияз қала бекінісін қиратты, бекініс гарнизонының тас талқанын шығарды. Ресейдің Арал өңірін жаулап алуы халық бұқарысының жағдайын жеңілдетпеді. Салықтың екі есе көбейтілуі қоныс аударушылар мен шенеуніктердің пайдасына қазақтардан суырмалы жерлерінің алып қойылуы Ресей отаршылдығының Хиуа қолшоқпарларының отарлауынан еш артықшылығы жоқ екеніне барған сайын қазақ шаруаларының көзін жеткізе түсті.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы наразы қазақтардың қозғалысын өзі басқармақ болып ұйғарды. 1856 жылдың желтоқсанында Сырдария қазақтарының қарулы күресі басталды. Желтоқсанның ортасына қарай көтерілісшілер саны 3 000 адамға дейін жетті. Көтеріліс орталығы Хиуаның бұрынғы Жаңақала бекінісі болды. Орал бекінісінің бастығы Михайлов Сырдария шебінің бастығы Фитинговқа құпия хабарламасында «Жанқожаның қарақшылары арасында қарасақалдар, кішкене шектілер және төртқаралардың бір бөлігі бар»- деп хабарлаған. Бұл рулар Әлім тайпасына жататын еді [2].

Кіші жүздің ханы Әбілқайыр сонау 1730 жылы Ресей патшасына бодан болса да, Арал теңізі мен Сыр бойында орыс әскерінің билік құра бастаған кезінде, яғни 1847 жылы Арал бекінісі салынған уақытта, былайша Ресейге бағынды делінгенмен, Сырдың төменгі ағысымен Қарақұм, Борсыққұмда көшіп қонып жүрген кіші жүздің бір бөлігі біресе Хиуаның, біресе Қоқан ханының шапқыншылығының жорығына ұшырап, орыстардың билігіне біржола мойын ұсына қоймаған еді. Хиуа мен Қоқан хандары болса, Сыр бойында көшіп –қонып жүрген қазақ руларына өз билігін жүргісі кеп, үнемі ұшыр, зекет жинап, әйелдерінің абыройын төгіп, ажарлы қыздарын өздерінің харам сарайларына зорлап әкетіп, қазақ ауылдарын шауып әкетуді әдетке айналдырған. Ташкент, Бұқара Хиуадан шығатын керуен жолдары Сыр мен Қарақұмның үстін басып өтіп, Орынбормен Троицкіге тура кеп құлайтын. Орта Азия хандарымен Ресейдің сауда-саттық жасайтын басты күре тамырдай жолында әлгіндей бүліншіліктің ұдайы болып жатуы сауда саласындағы істеріне өте қолайсыз еді. Біздің керуендерімізді зекет төле дегенді сылтау етіп кейде талап тонауға да ойы кетіп жүрген Хиуа мен Қоқан хандарына бағынған немесе 1840 жылы үш алаштың ханымын деп жар салып көтеріліс бастаған орта жүздің сұлтаны Кенесары Қасымұлының ықпалына кірген қазақ рулары өне бойы Сыр мен Қуаң бойында кідірдіп ұстап бөгеп қала беретін. Шынын айтқанда сол кездегі жаханнамаға көз тастап, Оралдан «Ырғыз сонау Орынбор» Торғай бекінісіне дейін бір сүзіп шықсақ, 40-жылдарға дейін бір жағы Арал теңізі мен Сырдарияға оның екі саласы

Қараөзек пен Жамандарияға, бір жағы Торғай мен Сарысуға барып шектелетін емін–еркін жатқан кең даланың шын мәнінде орыс Хиуа және Қоқан қожалықтарының ортасында бостан жатқанын, шығыс жақтан Қасымұлы Кенесарының қалай басып кірем десе есігінің ашық екенін айдан анық көруге болады [3].

Бұл кезде орыс патшалығының жаулап алған жерлері Қарақұм мен Борсыққұмға жақындап келіп тоқтаған еді. Қоқан ханының қожалық жері Сырдың екі саласының түйсетін тұсында салынған Қосқорған мен Қараөзекті, Хиуа ханының иелігі Жанақала Қожанияз және қамалдарды қамтып, Қуаң бойымен Сырдың сол жағасына келіп табан тіреген еді. Сөйтіп, орыс патшалығына қарады дегенмен жаңағы бос жатқан далада көшіп-қонып жүрген кіші жүздің әлім аталығына тарайтын қаракесек, шекті, төртқара, қарасақал және шөмекей тайпалары жайлаған жаңағы боз даланы ешкім әлі жаулап ала қоймаған болатын. Сондықтан да, Орта Азияда Ресейге баратын керуен жолы өтетін әлгі далаға қожалық етсем деген талаппен Хиуа мен Қоқан хандары Кенесары тәрізді қазақ сұлтандары үнемі өз-ара таласып жүрген еді. Соған қарағанда, Орта Азия жөніндегі біздің саясатымыздың негізгі кілті қолында тұрған Орынбор әкімшілігі осы жағдайға басты назар аударған секілді. Өйткені, Орта Азия мен біздің арамыздағы сауда-саттық жағдайы қиындап кетті. Қоқандар болса, ел көтерме қамалы ретінде Ақмешітті салып Сыр бойымен батысқа қарай дендеп кіріп бара жатты. Хиуа ханы да одан қалыспай, Сыр бойылық қазақтардан зекет ұшыр жинауын жиілетті. Тіпте екеуі екі жақтап қол жинап, Қарақұм мен Борсыққұмда көшіп-қонып жүрген қазақ ауылдарын жаулап алуды жиілетті.

Кереуен жолдарын қауіп-қатерден құтқару ақ патшаның ықпалына қараған момын қазақтардың күйін тайдырмау граф Перовскийдің 1839-1840 жылы сәтсіз аяқталған жорығынан кейін қайтадан бастарын көтере бастаған, Хиуа мен Қоқан хандарына ақ патшаның олардың өз көршілеріне европаша емес нағыз азияша жасап жүрген зорлық-зомбылықтарына көне алмайтынын білдіру болды. Ең бастысы біздің балық өнеркәсібімен шұғылданатын алпауыттарымыздың көптен бері аңсары ауып жүрген Арал теңізінде балық аулау талабы сол кездегі Орынбор әскери губернаторымен айырықша Орынбор корпусының командирі, генерал Обручевтің мынадай жағдайды тыю үшін батыл әрекет жасау керек -деп Петербургтен рұқсат сұрауына әсер етті. Мемлекеттік канцлер, граф Нессель Родденің қарсылығына қарамастан император бірінші Николай ол рұқсатты тез берді. Онда орыс әскерлеріне Сырдың сол жағасын өз жеріміз деп, иемденген Хиуалықтардың наразы болмасы үшін, әсіресе Райым бекінісін жаулап аларда олардың Ресей әскерімен шайқасып қалуын болдырмау мақсатымен Сырдарияның сол жағына өтуіне тыйым салынды [4].

Жанқожа да Ресей әскер күшінің жәрдемімен ата жауы болған Хиуа және Қоқан отаршыларын Сырдың бойынан қуып шығуды ойлады. Сыр қазақтарының орыс әскерлерінен тіл табысқанына ызаланып, 1847 жылдың

18-20 тамыз айында Хиуа ханы 6 мыңдай әскерін Жаңақала бекінісіне Қожанияз бекке әкеліп төкті. Бұл күш Сырдың екі бетіндегі қазақтарды шауып, көптеген ауылдарды ойрандады. Елдің мал-мүлкін талан таражға салды. Осындай бүліншілікке ұшыраған, Жанқожа 1847 жылдың 21-тамызында Райым бекінісінің бастығы подполковник Ерофеевке өтініш жазып, жәрдем сұраған. «Егер де сіз біздерге дос болсаңыз, біздерге жәрдем беруге келіңіз, мына біздерді ойрандап жатқан хиуалықтардан халқымызды азат етейік -деп хат жолдаған. Осы жіберген хабардан екі күн өткен соң, 23-тамызда Жанқожа өзінің сарбаздарымен Райым бекінісіне келіп, Ерофеевтің 200 атты қазақтарымен, 2 зеңбірегімен Сырдарияның сол жағындағы хиуаның Жаңақала бекінісіне шабуыл жасап, оның күл-талқанын шығарып қашқан жаудың нөкерлерін қуып жетіп, оларды елден жинап алып, 500 жылқысын, 50 қойларын қайырып алып қалады. Жанқожаның өз еліне абыройы күшті екеніне қолбасшы батырлығына көздері жеткен Орынбор генерал губернаторлары батырды өздеріне қаратып, Ресейдің жүргізіп келе жатқан отаршылдық саясатын Сыр бойында іске асыруға пайдалануды мақсат етеді.

1848 жылдың 1 мамырында Жанқожаға «есаул» деген әскери атағын беріп, жылына 200 сом күміс ақша төлеп тұратынын хабарлаған және оны Сыр қазақтарының басшысы деп жариялаған. Мұның сыртында сиыр құйымшықтанып бір сыр жатқанын сезген батыр, бұл сыйлықтарды шеншекпенмен ақшаны алудан бас тартады. Сондықтан, ол Ресейлік үкімет басшыларына жазған хатында «Мен ондай сый құрметке ие болатындай сіздерге ешнәрсе істегенім жоқ»- деп жауап қайырған [5].

Ресейдің бұл сыйлықтарын алғанда Жанқожа өзінің оларға берілгендігін білдіріп ант беруі керек еді, мұндай мінәжатқа батыр келіспейді. Ал орыс әскерлерінің Сыр бойына келуін шын көңілімен қарсы алғанымен, бір жылдың ішінде олардың бұл жерге келудегі саясатын Жанқожа батыр жете түсінеді. Ерофеевтің әскерлері Жаңақаланы қиратуда, Хиуалықтармен болған ұрыстарда өздерінің түпкі пиғылдарын байқатады. Олардың бұл шайқасқа қатынасқанына Жанқожаның көңілі толмайды. Оған қосымша орыс әскерлері орналасқан Райым, Қазалы бекіністерін жергілікті қазақтар маңдайының терімен салған. Ал, Ресей патшасы келмей жатып, жергілікті халықты қанағанын батыр өз көзімен көреді. Жанқожаның күдігі көп ұзамай тура келіп, бұл аймақты патша үкіметі меншіктеп, бұл жерлерде Ресейдің орталық тәртібін орнатады.

1847 жылы маусым айының 30-ы күні Орынбор әскери губернаторы инфантерия генералы Обручевтің бастауымен жорыққа шыққан қалың қол Арал теңізінен 60 шақырымдай жердегі, кейіннен Арал бекінісі аталып кеткен, үлкен бір төбеге табан тіреп, Райым фортын салады. Ол жер 1846 жылы капитан Шульцтың Бұқарадан шығып, Майлыбас арқылы, Хиуадан шығып, Аманөткел, Тасбөгет арқылы Арал теңізінің жағасын бойлап, көне Ноғай жолымен жүретін керуендерді қорғау мақсатымен шапқыншылық

жасағанда 6-7 қара үй тігіп отырған қазақтардың жер ыңғайын жақсы таныған жайына орай таңдалып алынған еді. Райымды жаулап алғанда ешқандай да қан төгіс болған жоқ. Отряд басып өткен жолда, Сыр бойында көшіп-қонып жүрген қазақтар алакөздік танытпады. Тіптен генерал Обручевтің айтуынша, кішкене шектілердің батыры Жанқожаның өзі «онымен армасын айту үшін» арнайы келіпті. Содан көп ұзамай инфантерия генералы Обручев Орынборға қайтып оралды. Ал бекіністің коменданты болып тәртіптілігімен, тәжірибесінің көптігімен, дала жағдайындағы әскери қызметтің мән-жайын жақсы білетіндігімен бірнеше рет көзге түскен. Әр түрлі жорықтарға соның ішінде, Торғай өзені бойында Қасымұлы Кенесарымен болған соғысқа қатынасқан полковник Ерофеев тағайындалды. Осы кезден бастап Ресей Арал теңізі мен Сыр бойына мықтап аяқ салды. Орта Азия хандарының қожалықтарына тұмсығын тірей кеп тоқтап, оларға өз ықпалын жүргізе де бастады. Тіпте кейіннен олардың тағдыр-талайын шешетін жағдайға да жетті. Осы форттың маңайында көшіп-қонып жүрген Кіші жүз қазақтарының бір бөлегі енді орыс билігіне мықтап мойынсұнды. Мұның барлығы осындай бір батыл қадам жасамаса, Хиуа мен Қоқан хандарының халықаралық құқық жайын бұзып, Орынбор әкімшілігіне бағынған қазақтардың мазасын май ішкендей қыла беруін тоқтатпайтын анық білген генерал Обручевтің еңбегі еді. Бұдан кейін орыс әскерінің ішкерілей қалай сұғына енгені, Райым бекінісінің қалай салынған жайы мәлім. Содан көп ұзамай-ақ Қосарал форты салынды.

1850 жылы Сырдан өтетін қос өткел Жаңақала мен Қаратөбені уыстап тұру үшін Қазалы төңірегі жаулап алынды. Одан кейін Қосқорған, 1853 жылы маусым айында граф Перовскийдің бастауымен Ақмешіт қамалы қырғын шайқастан кейін басып алынды. Соның ізінше № 1 және № 2 форт салынып, Перовский Сырдария шебі бекінісі, Арал флотилиясы құрылып, Бутаков пен Черняев соның кемелерімен Әмударияның сағасында орналасқан Қоңырат шахарына дейін барып қайтты. Одан көп өтпей айрықша билігі бар орыс шенеуінің аузына қарайтын қазақ жұртшылығын басқаратын басқару жүйесі құрылды. Содан соң орыстардың қазақтарды құлдыққа салуының, тағы да басқа болашақта жасайтын шаруаларының алғашқы тәжірибесі ретінде Сыр бойына Орынбордан қазақ-орыстардың 30-ға жуық үйі көшіріп әкелінді. Бұл жәйітті сол оқиғаларды өз көзімен көрген сол кезде болған Ізтілеу батыр «орыстар қазақтар сықылды шабарын шауып, аларын алып кете бермейді, керісінше, алса да тонамайды, бірақ қазақ жерінен ешуақытта кетпейді» деп әңгіме қылған. Бұдан кейін Сырдария мен Сібір шептерінің түйісуін көздеп, орыс әскерлері ішке қарай дендеп еніп берді. 1864 жылы генерал Веревкин Түркістанды, 1865 жылғы шілде айында генерал Черняев Ташкентті жергілікті халықты аяусыз қырып-жойып басып алды.

Сыр бойында орыстардың билік құруы басқалардың наразылығын тудырмай қоймады. Хиуа ханы орыстардың Райымды мықтап бекінгеніне көңісі келемей Жанғазы Шерғазыұлы, Қасымұлы Елекей басқарған 6 000

астам сыңсыған ауыр қолды Сыр жағасын мекендейтін, орыс патшасына мойынұсынған қазақтарды жазалау үшін жедел аттандырып жіберді. Райым бекінісінің коменданты Ерофеев бұл жөнінде біліп қойып, 1847 жылы тамыз айында форттан шығып, Сырдың сол жағасында салынған Хиуа қамалы Жаңақаланы қиратып, Хиуа ханының жіберген қолын быт-шыт қылды. Осы кезде орыстардың әскеріне Жанқожа батыр бастаған қазақ қолы келіп қосылады. Сырдың сол жағасында тұрып, орыс отряды Жаңақаланы зеңбіректермен атқылап жатқанда Жанқожа батыр өз сарбаздарымен дариядан аттарын жалдап өтіп қамалға басып кірді. Кірген бойда хиуа сарбаздарын қырып-жойып тамдарына от қойып, асып-сасып қашып бара жатқан Хиуалықтарды өз жігіттерімен бірге қуды. Сұлтандар басқарған Хиуа қолы азғана әскері бар Райым гарнизонын Орынбор шебіндегі басқа форттардың кесіп тастамақ болды.

Бірақ полковник Ерофеевтің дер кезінде батыл әрекетінің арқасында олар Ырғыз Торғай өзендеріне жетпей тоқтатылды. Содан кейін, орыстардың Сыр бойында хиуа тарапынан бірде-бір қарсы ашық әрекет бола қойған жоқ. Жаңақала үшін болған қырғын шайқастарда орыстар Жанқожаны өзіне сенімді одақтас деп білді. Батыр шайқастан кейін Райым гарнизоны әскерлерінің азық-түлігіне түскен олжадан 100 қойды бөліп берді.

Хиуа сарбаздарын талқандап, Сыр бойына қуып жіберуге үлес қосқаны үшін батырға жоғарғы мәртебелінің пәрмені бойынша жасауыл шені берілді. Жанқожа батыр Сыр бойымен Қарақұмды жайлайтын қазақтар арасында өте беделді, өте абыройлы еді. Ол орыстардың жағына шығып, өз туысқандарына орыс билігіне мойынұсыну керектігін көрсете білді. Алғашқы кезде батырдың бізге іш тартуының орыстардың Сыр бойының көп қан төкпей жаулап алуына, жаңа өлкеге алғаш рет қадам басқанда айрықша маңызы болды. Ең басты мақсат Хиуа мен Қоқан әскерлерінің әр қадамын бақылап сауда кемелерін сақтауға шындап кірісе алды Мұндай жақсы қарым-қатынас орната білу, Орта Азияға бойлап кіру үшін өте қажет еді. Оның үстіне Сахара қазақтарын өзіне қаратып алуы орыстардың жасаған айла шарғысының терең екендігінің бірден-бір дәлелі еді [6].

Жанқожа батырдың біздің жаққа жылы шырай танытқанын шебер пайдаланып, онымен арадағы достық ниетін нығайта түсу мақсатымен, басқа қазақтарға ақ патшаға мойынсұнғандарын бағалай білетінін көрсету үшін, Жанқожаны Сырдың оң жағасында, Қарақұм мен Борсық құмда көшіп-қонып жүрген қазақтардың билеушісі етіп тағайындады. Орынбор жаңа губернаторы жүргізген саясат Хиуа мен Қоқанның билігіне ұшыраған қазақтардың Ресейге дұшпандық көзқарасын күшейтті. Қазақтардың бір бөлігі Хиуа мен Қоқан аумағына көшіп кетті. Перовский бұл үрдісті тоқтатуға тырысты. Осы мақсат үшін 1834 жылы полковник Жемчижников қазақ даласына жіберілді. 1836 жылдан 1839 жылға дейін орыс әкімшілігі қазақтарды тыныштандыру үшін бірнеше жазалау экспедициясын жіберді. Орынбор губернаторы «мазасыз көршісі Аллақұл ханды бір соққымен

күртқысы келіп, ақырында Хиуаны жаулап алуға патшадан рұқсат сұрады. Мүлде сәтсіз аяқталған бұл жорықты В.А.Перовский 1839-1840 жылдарда жасаған. Бұл әскери әрекеттің алдында 1834 жылы Ново-Александрск бекінісі мен Орскіден Тройцкіге дейінгі әскери шеп салынған болатын. Хиуаға қайталап жорық жасалуынан қауіптенген Аллақұл хан 1840 жылдың жазында Ресейге 424 орыс тұтқынын қайтарды. Ресеймен достық туралы келіссөздер жүргізу үшін ол Петербургке елшілер жіберді. Сонымен қоса жарлық шығарды, оған сәйкес «ендігі жерде ешкім орыс иеліктеріне шапқыншылық жасамауға және орыс тұтқындарын сатып алмауға тиіс» болды. 1834-1839 жылдарда қарулы жазалау экспедициялары Маңғыстау және Арал өңірі қазақтарына орасан зор материалдық және моральдық зиян келтірді, алайда олардың моральдық рухы жасыған жоқ.. Кіші жүздегі патшалық –отаршылдық саясатқа қарсы халық көтерілісі сол жылдарда басталды. Сол арқылы В.А.Перовскийдің Арал өңірі қазақтарын тыныштандыру жөніндегі саясаты мақсатына жетпеді. Керісінше Кіші жүздегі саяси жағдайды асқындыра түсті. Патша үкіметі хиуа жорығын қайталағысы келді.

XIX ғасырдың 40-жылдарында патшалық Ресей Орта Азия хандықтарын түпкілікті жаулап алуға әлі де әзір емес еді. 1839 жылдың аяғындағы Перовскийдің басшылығымен Хиуаға жасалған сәтсіз жорық әлі де естен кете қоймаған болатын. Орта Азия хандықтарының экономикалық және саяси ахуалын зерттеу күшейтіле бастады. Осы мақсатпен 1841 жылы Хиуаға және Бұқараға дипломатиялық миссиялар жіберілді. Бұл миссияға Хиуадан Сырдарияның солтүстігіне қарай бүкіл аумақты және ішінара Каспий теңізінің шығыс жағалауын Ресейдікі деп тануға қол жеткізу тапсырылды. Сонымен бірге, Хиуамен орыс саудасы үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету керек болды. Орыс дипломаттарының алдына хандық аумағындағы құлдықты жою және барлық орыс тұтқындарын қайтару міндеті қойылды. Орыс елшісі Никифоровтың Аллақұлмен келіссөздері тілегендей нәтиже бермеді.

1847 жылы орыс әскерлері Сырдарияның сағасын басып алып, онда сол жылы Райым бекінісін, ал 1848 жылы Қазалы фортын салды. Сырдарияның сағасына Ресей әскерлері келгенге дейін жергілікті қазақ халқы Хиуа және Қоқан әскерлерінің тұрақты шапқыншылықтарынан зардап шегіп отырды. Сонымен бірге, Сырдарияның төменгі ағысы Ақмешітке дейін Ресей аумағы деп саналып келді, өйткені ол Кіші жүздің бір бөлігі болып табылатын. Бірақ іс жүзінде бұл аумақ, Хиуаның билігінде болды, мұнда Хиуа ханының қойған адамдары жергілікті халықты тонап, ру басшыларын сатып алып отырды. Сырдария әскери шебі 1864 жылы Түркістан алынғанға дейін сақталып қалды және сол арқылы Қазақстанның кең-байтақ аумағын Ресей толық жаулап алды.

XIX ғасырдың 40-жылдарының аяғында Ресей өзінің Сырдария өзеніндегі пәрменін нығайтып алды. Соның нәтижесінде, ол Хиуамен, оның

шығыс шет аймақтарымен тығыз қатынасқа түсті. Қазақстанды, Қоқан және Бұқара хандықтарын жаулап алуына байланысты, Ресей Түркістан генерал-губернаторлығын құруға мүмкіндік берді. 1869 жылы ол Красноводск шығанағын иеленіп алды. Сол арқылы Хиуа үш жағынан: батысынан орыс әскерлерінің Кавказ отрядымен, солтүстігінен- Орынбор және шығысынан-Түркістан отрядымен, солтүстігінен – Орынбор және шығысынан Түркістан отрядымен қоршауға алынды. Хиуа ханы Ресейге көзқарасы жөніндегі дұшпандық саясатын жалғастырып, қалыптасқан жағдайдан тиісті қорытынды жасамады.

XIX ғасырдың 50-60 жылдарының шегінде бұл көзқарас сыртқы істер министрлігінен тиісті қолдау таппады, бірақ жоғары әкімшілік салаларында өзіне күні өткен көп жақтастар таба берді және ақырында 60 шы жылдардың орта шенінде Петербургтің ресми пікіріне айналды. Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу жөніндегі экспанциялық мақсаттары негізінен алғанда, екі жолмен жүзеге асырылды. Ресей әскерлерінің аймаққа Оңтүстігінен де, Солтүстігінен де ойдағыдай ілгерілеуі 1857-1857 жылдарда Шымкент және Әулие Ата аудандарында жергілікті қазақтардың Қоқандықтарға қарсы көтерілісіне жәрдемдесті. Бұл көтерілістердің аяусыздықпен басылуы да қазақтардың едәуір бөлігінің Ресей жағына өтуіне себепші болды. Ал жалпы, алғанда, аймақтың тағдырын оның жергілікті қазақтардың Қоқандықтарға қарсы көтерілісіне де жәрдемдесті. Бұл көтерілістердің аяусыздықпен басылуы да қазақтардың едәуір бөлігінің Ресей жағына өтуіне себепші болды.

1860 жылы Орыс әскерлерінің қоқандықтарға қарсы белсенді соғыс қимылдары басталды. Патша әкімшілігі барлық жаулап алынған аумақтардағы сияқты, Сырдарияның төменгі ағысына да Орынбор және Орал бекіністі шептерінен қазақтардың отбасыларын көшіре бастады. Сырдарияның екінші қазақтары пайдаланылмай жатқан құнарсыз жерлерді игеруге мәжбүр болды. Ал, кейбіреулеріне қоныс аударушылар мен тәлімді диханшылықтан ерекше өзгешелігі бар суармалы егіншілікпен бірінші кездесті. Суармалы егіншілік қыруар қажырлы еңбекті керек етті.

Райым бекінісі таратылғаннан кейін қоныс аударушы қазақтар 1855 жылы №1 фортқа көшті. Жаңа жерде қоныс олар суландырылатын жақсы, шұрайлы жерлерге орналастырылды. Бұрынғысы сияқты мұнда да қоныс аударушылар зор артықшылықтарды пайдаланды. Олар жергілікті еңбекшілерді қанады. Сөйтіп, Сырдария қазақтары екі жақты езгіге ұшырады, оларды бір жағынан патша өкіметі шенеуніктер, көпестер, қоныс аударушылар, ал екінші жағынан жергілікті феодал байлар, билер, сұлтандар және басқалар қанады. Еңбекші қазақтар арасындағы наразылық жыл өткен сайын өсе түсіп, ақырында 1856 жылы ашық бой көрсетілуге ұласты. Көтерілістің негізгі себебі жердің тартып алынуы болды. В.В.Григорьев былай дейді: «Қазалы фортының төңірегінде қазақтарды егіншіліктен оларға жосықсыз соқтығу мен қазақтардың ашкөздігі жирендіруде» деп жазды. Арал

өңірінің қазақтары Есет Көтібарұлымен Жанқожа Нұрмұхаммедұлының жетекшілігімен отаршылдық езгіге қарсы көтерілген. Олар екі бөлікке бірінші үлкен Шекті және екіншісі кішкене Шекті болып бөлінетін Шекті руынан шыққан еді. Біріншісін, Есет Көтібарұлы басқарса, ал екіншісіне, Жанқожа Нұрмұхаммедұлы басшылық етті. Есет Көтібарұлы хиуалықтарға қарсы күресінде Жанқожаға талай рет көмек көрсетті. Ол былай тұрсын, Хиуа ханы Жанқожадан сұлтандардың ғана емес, батырлардың да қолымен құтылуға тырысты.

1874 жылы Жанқожа Есет Көтібарұлына мынандай хат жіберді: „Жеңілуді білмейтін жеңімпаз жаулап алушы Хорезм шахы. Халық батыры Жанқожаның туысы Есет Көтібарұлы Хиуа ханының арандатуына көнбеді, қайта керісінше, хиуа басқыншыларына қарсы күресте, Жанқожаға барынша көмек көрсетті. Жанқожа Нұрмұхаммедұлы өзінің бүкіл өмірін Арал өңірі қазақтарының тәуелсіздігіне арнаған аса ірі тарихи тұлға. Ол ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде Хиуаның зұлымдығына қарсы күрескен Арынғазы Әбілғазиевтің істерін жалғастырды. Осындай зұлымдықтың кесірінен 1860 жылы 86 жасында жайсаң батыр кісі қолынан қаза табады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Сыр бойы қазақтарын Хиуа, Қоқан хандықтарына, кейіннен Ресей патшалығына қарсы ұлт-азаттық көтеріліске бастаған Жанқожа батырдың тарихтағы орнын, көтерілістің тарихи-әлеуметтік , саяси-экономикалық сипатын әлі де болса кейінгі ұрпаққа ұғындыра түскен абзал.

Жанқожа батырды, басқа батырларды өскелең ұрпаққа білдіру, орыс патшалары мен батырларының тарихын оқып үйрену емес, халқымыздың тарихына деген көзқарасты түбірінен өзгерту болған болар еді. Халық батырларына арнап жыр тудыру, ұлттық әдебиетіміздің дәстүрінде бұрыннан бар құбылыс. Ендеше, Жанқожа батыр жайындағы жырларды халық әдебиетінің дәстүрінде туған, сол жолды жалғастырған әдеби шығармалар деп қабылдауымыз қажет [7].

Қазақстан Ғылым Академиясының қолжазба қорында Жанқожа батыр туралы жырлардың 8 түрлі үлгісі сақтаулы. Жанқожа батырдың толғауы көлемі 170 жолдай. Бұл жырды орыс зерттеушісі Н.Веселовский 1893 жылы Мұсабай жыраудан жазып алған. Жанқожа батыр жайындағы жырлардың шын мағынасындағы тарихи жырлар екендігін оларды өзара бір-бірімен және басқа ХІХ ғасырдағы Исатай, Махамбет, Бекет, Досан, Өтеген, Сұраншы жайындағы жырлармен салыстырып та дәлелдеп шығуға болады. Көзі тірісінде де пір тұтып, төбесіне көтерген батырды туған халқы о дүниеге кеткенде де есінен ешқашан шығарған емес. Басқа да халық қаһармандары сияқты, кеңестік дәуірде жалған реализмнің құрбанына айналған Жанқожа батыр жайлы да шындық әңгіме ашық айтылмады [8].

1967 жылы батырдың Қызылқұмдағы бейітін халық болып қаржы жинап, жөндегені үшін тексеру жүргізіліп, кейбір азаматтардың жауапқа тартылғаны есімізде. Кеңес үкіметі тарап, еліміз егемендік алған кейіннен

ғана, батыр жайлы барлық шындықтың бет-пердесі түрілді. Зерттеушілер мен ақын-жазушылар, шежірешілер Жанқожа жайлы жарыса жазды. 1991 жылы Жұлдыз журналының 12-санында батырдың өз ұрпағы, жазушы Молдахмет Қаназовтың «Жанқожа батыр» атты көлемді ғылыми зерттеу мақаласы жарияланды.

1992 жылғы наурыз айында Республикалық Егемен Қазақстан газетінде жазушы Молдахмет Қаназов пен шежіреші Өмірзақ Ахметовтің «Жанқожа» атты мақаласы жарық көрді. Ал 1992 жылғы маусымда батырдың өмірін 30 жыл бойы зерттеген жазушы Әбсаттар Оспановтың «Жанқожа» батыр атты кітабының бірінші томы халықтың қолына тиді. 1992 жылы 11 тамызда республикалық «Халық кеңесі» газетінде белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Нысанбек Төреқұловтың «Жанқожа» батыр атты зерттеу мақаласы басылды

Бабамыздың Қызылқұмдағы денесі жатқан бейіт басынан зиялы адамдар барып түнеп, мал шалып, аят оқып, аққа салып аялап топырақ әкелді. Кесене Орта Азия мен Қазақстанда сирек кездесетін архитектуралық құрылыстың бірі. Ескерткіш-кесененің жобасын жасаушылардың өзі жерлестеріміз екені де мақтаныш. Олар Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткері, суретші, мүсінші Қайырбай Зәкіров пен белгілі суретші Шәкірбек Сәменов. Ескерткіш-кесене пайдалануға берілгеннен кейін аудандық мәдениет бөлімінің қарауына өткізілді. Мұндағы мақсат-ескерткішке еге болу, айналасын көркейтіп- көгалдандыру, халықтың игілігіне айналдыру. Батыр бабамыздың Итжемес атты баласынан тарайтын бесінші ұрпағы -Өмірбайұлы Әбдіхалық өз тілегімен кесенеге шырақшы болды. Әруақты бабамыздың құрметіне орнатылған ескерткіш-кесене бүгінгі таңда халықты имандылыққа тәрбиелейтін осындай ұлағатты орынға айналды. Мұның мәңгілік екеніне де сеніміміз мол. Ұрпағыңызды әрқашанда желеп-жебей жүр, қасиетті баба.

Әдебиеттер:

1. «Жанқожаның жасындағы ерлігі» Ақмешіт апталығы. 2001 жыл, №1. 5 қаңтар.
2. «Жанқожа әрі батыр әрі әулие болған» Сыр бойы, 1992 жыл, 9 қаңтар.
3. «Баба кесенесі басындағы сөз» Сыр бойы, 1992 жыл, 15 қазан.
4. Оспанов А. Жанқожа батыр. Алматы, 1992 жыл.
5. Аничков.И.В., Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлы. Алматы, 1991жыл
6. Жаужүрек Жанқожа. Сыр бойы, 1992жыл, 10 наурыз.
7. «Жанқожа батыр жайындағы жырлар» Сыр бойы, 1992 жыл, 6 қазан.
8. Жанқожа туралы Ана тілі, 1998 жыл, 5 ақпан.

